

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Қазақстандағы құмар ойындарға неге тәуелді?

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/152356/>

Журналистика факультеті, 2 — курс студенті

МАМАЖАНОВА Мадина

Қазақстандағы құмар ойындарға неге тәуелді?

Қазіргі таңда құмар ойындар Қазақстан қоғамындағы ең өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Бір жағынан олар көптеген ойыншыларды тартады және мемлекет пен бизнеске айтарлықтай табыс әкеледі. Екінші жағынан, ойын-сауықтың бұл түрлері қоғамның әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін шешілуі керек күрделі әлеуметтік мәселелерді тудырады. Депутат Ләззат Рамазанова: «Құмар ойындарға деген құштарлық – алаңдатарлық мәселе. Бүгінде 350 мыңнан астам қазақстандық құмар ойындардың құрбанына айналғанына қарамастан, тиісті министрлік ешқандай шара қолданбай отыр. Ведомствоның назарын осы мәселеге аудару үшін не істеуіміз керек? Еліміздегі қаншама отбасы, қаншама тағдыр осы ойынқұмарлықтың салдарынан ойран болып жатыр? Мұны неге ойламаймыз? Бізде тіпті ойынқұмарлыққа үгіттейтін жарнамалық қызметтерге де тікелей тыйым жоқ», — дейді.

Қазақстандағы ойын бизнесін талқылағанда ескеретін басты аспектілердің бірі – оны заңнамалық реттеу. Қазіргі уақытта елімізде құмар ойындарын ұйымдастыру мен өткізуге белгілі бір шектеулер бар. Казино және онлайн бәс тігу сияқты құмар ойындардың кейбір түрлеріне тек арнайы аймақтарда рұқсат етіледі және тиісті лицензияны талап етеді. Дегенмен, құмар ойындарға тәуелділік пен қаржылық шығындарға байланысты проблемалардың алдын алу үшін қатаң құқықтық реттеу қажет.

Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов: — «Қазақстандық отбасылардың проблемаларының бірі ойынға тәуелділік мәселесі қоғамды толғандырады және қатаң шешімдер қабылдауды талап етеді. Өкінішке қарай, жастар арасында жақсы таралған есірткінің, әсіресе синтетикалық заттардың заңсыз айналымы, ұлттық қауіпсіздікке

үлкен қауіп төндіреді», — деді. Осы сын-қатерлерге қарсы тұру үшін «Кешенді жоспар» аясында “синтетиканың” сот сараптамасының мерзімдерін қысқартатын заманауи зертханалар сатып алынбақ, уәкілетті органдарды тексеру және сот-сараптама жабдықтарымен қосымша материалдық-техникалық жарақтандыру жүргізіледі. Сонымен қатар есірткінің зиянын түсіндіре отырып, профилактикалық жұмыс жүргізу, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау қажет. Сонымен қатар Дана Нұржігітова: — «Жарнама туралы» заңға сәйкес казино мен интернет-казино қызметтерін жарнамалауға тыйым салынады. Бірақ букмекерлік кеңселердің қызметтерін жарнамалауға тікелей тыйым жоқ. Сондықтан мұндай компаниялардың жарнамалары интернетте агрессивті түрде алға жылжуда. Осы фактіні ескере отырып, букмекерлік компанияларды жарнамалауға толық тыйым салу бойынша қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу қажет», — деді.

Құмар ойындармен байланысты негізгі мәселе — оның қоғамдық денсаулыққа әсері. Құмар ойындарға тәуелділік ойыншы үшін де, оның отбасы үшін де ауыр қаржылық, физикалық және психологиялық зардаптарға әкелуі мүмкін. Құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегетін адамдар әдетте қарыздың жоғары деңгейіне, қарым-қатынастың бұзылуына және психикалық денсаулыққа байланысты проблемаларға тап болады. Мәселен, Маңғыстау облысына қарасты Бейнеу ауданының тұрғыны: «Мына лото, шарик, рулетка, олимп, 1хбет, фонбет, жалпы букмекерлік конторалар қазақтың түбіне жетті. Мен Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының тұрғынымын. Аты-жөнім – Әсет Игілікұлы Сүлейменов. 1985 жылы дүниеге келдім. Осы ойынды ойнап келе жатқаным 20 жылдан аса уақыт болды. Бұл азарт ауру ма, білмеймін. Осы уақытқа дейін 200 млн теңге ұтылдым деп айтуға болады. Осы азарт менің түбіме жетті», — деп әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жазба қалдырған.

Осыған орай, “Sanasezim” психологиялық көмек орталығының директоры Дмитрий Гармаш: — «Ойынқұмарлыққа салынғандардың барлығы мықты математиктер. Білімі таяз адамдар бұған бара алмайды. Өздерін нағыз стратег, ең ақылды сезінгендер ойын жүйесін алдап, ақшаның астында қаламыз деп үміттенеді. Психотерапевт мамандардың көмегінсіз бұдан шығу мүмкін емес. Біздің орталыққа келетін 100 адамның 70-сі дұрыс жолға түсіп, жаңа өмір бастайды. Емдеу 4-5 айға созылады», — дейді.

Ал құмар ойынға тәуелді адамдармен кәсіби түрде жұмыс істейтін психолог Олег Матвеев: — “Құмар ойындарға деген құштарлық патология, яғни, психологиялық ауру ретінде қарастырылып жүр. Ол тіпті аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесі тізімінде де бар. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ойынқұмарлықтың қауіпті екенін ескере отырып, “лудомания” деген арнайы медициналық терминді енгізді. Осы арқылы жаһандық ұйым құмар ойындар мен компьютер ойындарына тәуелділер – нашақорлар мен маскүнемдер сияқты эмоционалды жандар екенін мойындады», — дейді.

Бұл мәселені шешу үшін Қазақстан құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу және құмар ойындарға әуес болғандарға көмектесу стратегияларын әзірлеп, жүзеге асыруы керек. Бұл ақпараттық науқандарды, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметкерлерді оқытуды және кеңес беру және емдеу қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуді қамтуы мүмкін. Сонымен қатар бұл мәселені тереңірек зерттеу және құмар ойындарға тәуелділікпен күресудің тиімді стратегияларын әзірлеу үшін ғылыми зерттеулерді жалғастыру маңызды. Дегенмен, құмар ойындармен байланысты проблемаларға қарамастан, оның жағымды жақтары да болуы мүмкін. Мысалы, ойын бизнесінің дамуы елдегі инвестицияның артуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, туризмнің артуына және жалпы экономикалық өсімге әкелуі мүмкін. Құмар ойындарды дұрыс реттеу үкіметтерге саланың пайдасын барынша арттыруға және оның теріс әсерін азайтуға көмектеседі. Жалпы, құмар ойындар қоғам мен үкіметтің назарын талап ететін күрделі және көп қырлы мәселе. Құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу және азаматтарды әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу, сондай-ақ Қазақстанның жалпы әлеуметтік-экономикалық мақсаттарына қол жеткізу үшін осы саланы тиімді реттеуді қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдау қажет. Құмар ойындарға теңгерімді көзқарас арқылы ғана оны ойын-сауықтың қауіпсіз және әлеуметтік жауапты түріне айналдыруға болады.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.